



Даланың соңғы ханзадасы

Кітапханамызда балаларға қызмет көрсету бөлімінде ұлт руханияты мен ғылымына өлшеусіз үлес қосқан Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығына орай «Даланың соңғы ханзадасы» атты танымдық көрме-саяхат ұйымдастырылды.

Аталған іс-шара

қаламыздағы Ш.Уәлиханов атындағы №1 жалпы білім беретін мектебінің оқушыларының қатысуымен өткізілді. Көрме барысында оқушылар Шоқанның өмір жолы, саяхаттары, ғылыми еңбектерімен, суретшілік қабілетімен және ағартушылық қызметімен кеңінен танысты. Тарихи деректерге сүйене отырып жасалған көрнекіліктер мен фотоматериалдар оқушылардың ерек-

ше қызығушылығын тудырды. Сонымен қатар оқушыларға арналған викториналық сұрақтар іс-шараның танымдық деңгейін арттыра түсті. Бұл көрме – өскелең ұрпақты ұлт зиялыларын құрметтеуге, өткенін ұмытпауға баулитын маңызды қадам.

**Кулпара АБДУЛЛИНА,
№2 облыстық
әмбебап ғылыми
кітапханасының
кітапханашысы**